

Тәуелсіздік – Мәңгілік Елдің тұғыры

АЙМУРЗИНА ГУЛНАРА АЛИЯКБАРОВНА

*БҚО, Орал қаласы, Жоғары инженерлік –технологиялық колледжі
Қазақ тілі және әдебиеті пәнінің оқытушысы*

Ер етігімен қан кешкен алмағайып кезеңдерде ұлттың ұлы ұраны – Тәуелсіздік болатын! Елім деп еміренген жас боздаққа жалын берген, жатса түсінен, тұрса есінен кетпеген қасиетті сөз тағы да осы – Тәуелсіздік.

Қазақ халқы осы арманға қол жеткізіп, бүгінде егеменді елге айналды.

Әр адамның өмірбаяны болатыны секілді, әр ұлттың да өмірбаяны болады. Біздің ұлттың кешкен мехнаты, көрген қасіреті қаншалық көп болса да, бақыты да сондай баянды, мәңгілік болады деп сенемін.

Әкім ТАРАЗИ, жазушы

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы 2021 жылды – Тәуелсіздіктің 30 жылдығы ретінде жариялады. Мемлекет басшысы былтырғы қазан айының 22-і күні ұйымдастырылған Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің төртінші отырысында биылғы жаңа жыл Тәуелсіздіктің 30 жылдығы атауымен айрықша атап өтілетіндігін айтқан болатын.

Тәуелсіздік – ең басты құндылығымыз. Бұл күнге сан ғасыр бойы армандап жеттік. Тәуелсіздікке қан төгіссіз, бейбіт түрде қол жеткізіп, елімізді әлемнің өркениетті мемлекеттерінің қатарына қостық. 30 жыл ішінде тәуелсіз Қазақ елін қалыптастырып, нарықтың қиын белестерінен аман өткізіп келеміз.

Барша қазақстандықтар үшін Тәуелсіздіктің мәні де, маңызы да айрықша. Өйткені біз Тәуелсіздіктің арқасында тарихымызды түгендеп, тілімізді, дінімізді және ділімізді қайта оралттық. Мемлекетіміздің ұлттық рәміздері қабылданып, ұлттық салт-дәстүрімізді жандандырдық.

1991 жылғы 16 желтоқсан! Қазақ елі тарихындағы ақжарқын сәттің туғанын күллі әлемге айғақ еткен ең ұлы күн! Бұл – сонау сақ, ғұн, түркі, қыпшақ замандарынан бері уақыт көшімен бірге жарысып келе жатқан, сол ұзаққа созылған ұлан жолдардың табанында мың өліп, мың тірілген халқымыздың шежіресінде алтын әріптермен айшықталып жазылатын аяулы да ардақты күн.

Тәуелсіздік деген бүкіл ұлттың арманы. Бұдан қымбат, бұдан қасиетті ештеңе жоқ. Сондықтан, бұл қазақ халқының сан ғасырлық күресінің нәтижесінде келген және арманына қол жеткен заман деп бағалауымыз керек.

Бұл күндері Қазақстан өзінің басты мейрамы - Тәуелсіздіктің 30 жылдығын атап өтуде. Ежелден қазақтың ең асыл мұраты еңселі ел болу еді. Елім деп еңіреген ақындарымыз: «Егемен болмай ел болмас, етектен кесіп жең болмас», - деп жырлайтын еді. Арғы замандарды айтпағанның өзінде, тек кейінгі екі ғасырдың ішінде халқымыздың өз бостандығы жолында екі жүзден астам ұлт-азаттық көтерілістерге шыққаны - осының дәлелі.

Тәуелсіздігімізге жету үшін ата-бабаларымыз халықтың басына сұрапыл күн туып, «ат ауыздықпен су ішіп», «азамат етігімен су кешкен» кезеңде тоз-тоз болған елдің етек-жеңін жиып, басын құрап, халық мүддесін қорғаған қаһармандар да табылды. Олардың басты арманы халықтың бостандығы, азаттығы еді. Ел-жұрт бірлігін ойлап, жалпыға тіреу болған билер мен қол бастаған батырларымыз қаншама.

Бұдан 30 жыл бұрын қазақ жерінде атқан тәуелсіздік таңы - Алтай мен Атыраудың арасын алып жатқан даланың мына дархан төсін қанымен, терімен суарған ата-бабаларымыздың қасиетті күресінің заңды жемісі, нақты нәтижесі.

Арманы асқақ еліміздің ұлы көшін халқымыздың ардақты перзенті, әлемге әйгілі саясаткер, Қазақстан Республикасының Тұңғыш президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың жарқын болашаққа, кемел келешекке бастаған жолы. Халқымызға ғасырлар бойғы арман болған тәуелсіздік, егемендік ұстанымдарын биікке көтеретін күн - біздің Отанымыздың әрбір азаматы үшін қастерлі мереке. Бұл мереке күнтізбеде «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық Заңының 1991 жылы 16 желтоқсанда қабылдануына байланысты тұрақты түрде аталып өтілуде.

Тәуелсіздігімізді жариялағаннан бергі мезгіл ішінде көптеген елеулі табыстарға қол жеткіздік. Бұл Президентіміздің жүргізіп отырған парасатты саясатының нәтижесі - Еліміздің тыныштығы мен қауіпсіздігінің, көп ұлтты Қазақстан халқының жарастығы мен ынтымақтастығының арқасында болып отыр. Еліміздің тәуелсіздігі мен мемлекеттілігінің орныға түсуі, ұлттық қауіпсіздігі, экономикамыздың жедел қарқынмен дами беруі, Қазақстан халықтарының өз болашақтарына деген берік сенімі, қазіргі замандағы өркениетті қауымдастық ортасында іргелі елге айналуы - стратегиялық негізгі бағыттарды құрайды. Сондықтан бұл күн жас мемлекетіміз үшін - біртұтас елдіктің, ынтымақтастық пен татулықтың, сонымен қатар, өткенге деген тағзымды салауат пен болашаққа деген сенімді үміттің мерекесі болып табылады. Еліміздің ұлы тарихына, ата-баба рухына, аға ұрпақтардың қаһармандық өмір жолына құрметпен басымызды иіп, Отанымыз - Қазақстанға деген құрметтеу сезімін әкелетін осынау мереке күні алға қарай тағы да берік сеніммен қарап, болашақтың тыныш өмірінің негізін қалау үшін қазір де бұл

бағыттағы іс-әрекетті жалғастыру керек.

Қоғамдық өмір сабақтары мен Отанымыздың мүддесі қазіргі танда патриоттық дәстүрге сай келетін жаңа талаптарды алдымызға қойып отыр. Ата-бабаларымыздың жүрегінде тәуелсіздік үшін күресу мақсаты тұрған болса, біздің алдымызда оны нығайта түсу міндеті тұр.

Елімізді бұл күнге дейін жеткізген ұмытылмас оқиғалар - ел қорғау соғыстары, ұлт-азаттық көтерілістері, ата-бабаларымыздың қандай ауыртпалықты да көтере білген, жасымайтын асқақ жігерлі рухы, қайтпайтын табандылығы - өшпес өнеге, өлмес мұра ретінде сақталуға тиіс. Бұл еркіндік сүйгіш, патриоттық дәстүр 16-желтоқсан оқиғаларына дейін жалғасты. Осылайша бұл тәуелсіздік күнінің оңайлықпен келмегенін білеміз.

Біздің халқымыздың ата-мекенді ардақтау сезімі өте терең. Олар үшін туған жерді қасиет тұту - қанға сіңген қасиет, ежелгі дәстүр. Бұл таным, біздің жанымызға ана сүтімен дарыған. Халқымыздың «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» деген даналық пікірін ойлап қарасақ, ата-бабаларымыздың асқар таудай ақылында, өз өмір тәжірибесінен өткен өнегелі істері - елін, жерін қорғау - бірлікте, ынтымақта өмір сүріп, еліне елеулі, халқына қалаулы болу - парыз деген ізгі мұраты екен.

Байтақ ел, күн сәулетті Қазақстан бүгінде дамудың даңғыл жолына түсті. Өлшеусіз табиғат байлығымен ғана емес, ең алдымен сан түрлі ұлттардан құралған халқының ауызбірлігімен аты шықты. Тәуелсіздік республиканың барлық халықтарына еркіндік, бостандық әкелді. Қазақстандағы халықтың полиэтностық құрылымы жағдайында тұрақтылық пен азаматтық бейбітшілікті сақтау үшін ұлттық саясат пен діни сенімдері әртүрлі адамдардың арасындағы толеранттылық мәселелері елеулі маңызға ие. Ел Президенті ұлтаралық келісім біздің басты құндылығымыз екенін бірнеше рет атап көрсетті. Тәуелсіздік жылдарында теңгерімді және сарабал ұлттық саясат жүргізудің арқасында елімізге ұлтаралық және конфессияаралық татулықтың орнығуына, ұлттық-рухани жаңғыру мен еліміздегі барлық этностардың тең құқылы дамуына жол ашылды. Қазақстанда 18 конфессия атынан өкілдік ететін 3 мыңнан астам діни бірлестік бар. Мемлекеттің бұл мәселедегі нақты ұстанымы, ол – рухани тәрбие саласы қазақстандықтардың діни құқықтары мен бостандықтарын толығымен жүзеге асыру міндетіне сай болуы тиіс.

Бүгінгі Қазақстан - өзі орналасқан аймақтың ғана емес, бүкіләлемдік проблемаларды талқылауда және шешуде ықпалды рөл атқаратын ел. Егемендік алған жылдар ішінде өзіне тән барлық институттары бар, әлемдік қауымдастықтың ықпалды мүшесі болып табылатын мемлекет құрылды, оның қауіпсіздігі мен тәуелсіздігі қамтамасыз етілді.

Конституциялық жолмен мемлекеттік және саяси билік құрылымдарын жаңарту негізінде елдің демократиялық жолмен дамуының берік іргетасы қаланды. Елдің ішкі экономикалық жүйесі түбегейлі өзгеріп, дамыған өркениетті елдердің ешқайсысынан кем түспейтін нарықтық қатынастар мен институттар құрылды. Соның негізінде Қазақстан дүниежүзілік экономикада өз орны бар елге айналды.

Күллі әлем Желтоқсан арқылы кеңестік тоталитарлық жүйеге қарусыз қолмен қарсы тұра алатын айбарлы да айбатты, ар-намысты, ұлт мүддесін бәрінен жоғары қоя алатын қазақ деген жүректі халық бар екенін білді. Сонымен қатар мынаны да ұмытуға болмас: 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісі – бірнеше ғасырларға созылған ұлтымыздың тәуелсіздікке жету жолындағы қантөгіс соғыстары мен жанкешті ұлт-азаттық көтерілістерінің сабақтас жалғасы, және бүгінгі тәуелсіздігіміздің саяси беташары.

Тәуелсіздік – кез келген халықтың ең үлкен құндылығы. Өйткені тәуелсіздік жоқ жерде еркін даму мүмкін емес. Бүгінде әлемге ықпал жүргізіп отырған озық елдер осы дәрежеге тәуелсіздіктің арқасында жеткені белгілі. Сондықтан Тәуелсіздікті қадірлеу, оны бағалай білу, сақтай білу – баршамыздың басты парызымыз деп білген жөн. Рас, былтыр тәуелсіздік күнін ауыр жағдайда қарсы алдық. Коронавирус індеті бізге ғана емес, бүкіл адамзатқа үлкен шығын әкелді. Әр күн сайын кім бар, кім жоғын түгендеп, соғыстағыдай күн кешкен уақыттар болды.

Тарихта талай-талай ауыртпалықты бастан кешірсе де, ешкімге басын имеген қазақ халқы қазір әлемдік дүбірге қосылып, әлем елдерімен иық тіресуде. Ендеше әрқашан да әрқайсымыздың «кішкене отбасымыздан басталатын кең-байтақ ұлы Отанымыздың» тәуелсіздігі нығая берсін, көк аспанымызбен астасқан көк туымыз әрдайым биіктеп желбірей берсін.

Біз қастерлі Тәуелсіздіктің отыз жылдығына қадам бастық.

Бұл – баршамызға ортақ өнегелі өлшем, тағылымды кезең. Жаңа мемлекет құруға атсалысқан бүкіл халқымыздың ерен еңбегінің тарихи шежіресі.

Өлке тарихы

ЕРБУЛАТОВА АЙГЕРИМ ТАБЫЛДИЕВНА

*БҚО, Орал қаласы, Жоғары инженерлік-технологиялық колледжінің
оқытушысы*

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті - Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың “Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар” атты мақаласындағы “Әрбір өлкенің, халқына суықта пана, ыстықта сая болған, есімдері ел есінде сақталған біртуар перзенттері бар. Осының бәрін жас ұрпақ біліп өсуі тиіс”,- деген сөздері дамуымыздың әр кезеңдерінде халқының игілігі үшін еңбек етіп, атқарған ісі жекелеген өлкелер тарихын насихаттауға міндеттейтіндігі белгілі.

Шежіресі тарихтың тереңіне кететін ертеден даңққа ие болған Орал қаласына 400 жыл. Еуразия даласының нақ ортасында орналасқан бұл қаланың тарихы неолит заманынан басталатын археологиялық олжалар көрсетеді. Біздің заманымызға дейінгі бір мыңыншы жылдары көшпелі қоғам өркендеп тұрған уақытта мұнда савроматтар мен сарматтар тайпалары мекендеген.

Алғашқы қалашықтардың пайда болуы Орал өзені бойында сармат-алан және оғыз-пешенег тайпаларымен байланыстырылады. 14-15 ғасыр ресей мемлекетінің құрылу кезеңі, феодалдық қатынастардың қарқынды дами бастаған шағы. Бұл кезде Жайық өзені, көптеген басқа жерлер сияқты қашқын шаруалар мен посад адамдар мекеніне айналады. Сол уақытта қалашықтар да салына бастайды. Шамамен, 1613 жылдары орал қалашығы да белгілі бола бастайды. Алғашында «Яицкий городок» деп аталатын қалашық тапша Екатерина бұйрығымен аты өзгертіліп Орал деп аталып келеді.

Жайық өңірінде 1773-1775 жылдары Емельян Пугачевтің басшылығымен шаруалар соғысы басталып, Ресей патшалығын др сілкіндіріп өтті. Одан сәл кейін Сырым Датұлының басшылығымен көшпенді қазақтардың Ресейдің отаршыл саясатына қарсы көтерілісі басталып, патша өкіметі оны аса қатігездікпен басқан болатын.

Өткен ғасырдың аяғы мен ХХ басында Орал қаласы өнеркәсібі дамыған мәдени орталыққа айналады. 1905 жылы мұнда қазақ ұлттық және социал демократиялық ұйымдары пайда болады. Көп кешікпей патша өкәметі құлап оның орнына кеңес өкіметі билікке келеді. Азамат соғысы кезінде Орал қаласы кеңес өкіметінің арқа сүйер қалаларының біріне айналып мұнда көптеген күрделі мәселелер шешіліп отырды.

Қаладағы саяси жағдай бұл кезеңде өзінің күрделілігімен ерекшеленеді. Оның басты себептерінің бірі мұнда қызылдар, ақ қазақтар, алашорда қозғалысы, кедей қазақ шаруалары мен жұмысшыларының бір жерде орналасуы еді.

Қазан төңкерісі «барлық адамдарды бірдей жарылқаймыз, бақытты қыламыз, теңдік орнатамыз» деген ұранмен жасалған болатын, алайда уақыт адамды жұмаққа күштеп апаруға мүмкін еместігін дәлелдеді, ал Қазан төңкерісінің қанды қылышы миллиондаған адамдардың өмірін қиып өтті. Бұлардың ішінде тек ғана В. И. Чапаев, М. В. Фрунзе, И. С. Кутяков, Б. Қаратаевты, Г. Жуковты ғана атап кетсек тарихқа қиянат жасар едік, себебі бұл есімдермен қатар Жанша мен Халел Досмағанбетовтер, М. Бородин, М. Дулатов, А. Байтұрсынов, С. Сейфуллин т. Б. Болған еді. Олар да жоғарыда аталған мақсат-мүддені ұстанды, ерекшелігі бұл мәселені бейбіт жолмен шешуді армандады.

1920 жылдың тамыз айында Қазақ автономиялық республикасы құрылып, оның көш басында біздің жерлестеріміз М. Мырзағалиев, С. Меңдешев, О. Исаев сынды азаматтар болды.

1932 жылғы наурыздың 10-да Батыс Қазақстан облысы құрылды, оның орталығы орал қаласы болып бекітілді.

Ұлы отан соғысы кезінде Орал қаласы Сталинград майданының ең жақын орналасқан тылы болды. Мұнда орталық аймақтардан 14 қорғаныс кәсіпорын, 20 госпиталь келіп орналасты. Сонымен бірге мұнда көптеген әскери құрылымдар ұйымдастырылып соғысқа аттанды. Олардың қатарынан 39 адам Совет Одағының Батыры деген атаққа ие болды. Ал Орал әуе клубының түлегі Л. Беда бұл атақты екі мәрте алды. Шығыс әйелдерінің арасындағы екі батырдың біреуі М. Мәмбетова – біздің жерлесіміз.

Қаланың сырт келбеті де бірегей, өзінің қайталанбас кескіні бар. Ең алдымен бұл ретте тарихи ескерткіштерді атар едік, олардың ішінде: Е. Пугачев үйі, әкімшілік орналасқан ғимарат, ескі собор.

Қазіргі келбетіне сән беріп тұрған ғимараттар да баршылық – Абай, М. Мәметова ескерткіштері, әуе және темір жол бекеттері, ықшам аудандар, биік үлгідегі салынған ғимараттар.

Бүгінгі күнде Қазақстандағы ең көне қалалардың бірі болып саналатын Оралдың тарихи мұрасын сақтап қалу үшін көптеген игілі істер жүзеге асырылуда, алайда талай мәселе өз шешімін күтуде.

Орал мәдениеті бұл өңірде ғасырлар бойы өмір сүрген көп ұлттардың рухани жиынтығы. Ол өзінің шырқау биігіне ХІХ ғасырда жетті. Сол кезде Орал қаласы қазан төңкерісіне дейінгі Қазақстанның ең ірі қаласы болатын.

Сауда мен өнеркәсіп саласының дамуымен бірге мұнда ірі-ірі мәдени ошақтар пайда болды. Олардың қатарында театр, музей, кітапханалар бар. Бұл кезде басылымдар да пайда болды.

Халық композиторлары Дәулеткерей мен құрманғазы, Дина Нұрпейісова және басқа да орындаушылар Орал өңірінің мақтанышы. Оған дарынды орал казактарының фольклорын қосыңдар. Туа біткен дарындарға толы өлкені орыстың, батыс елдерінің ғылымдары зерттеп, халық өнеріне жоғары баға берген, оның өзге жұртқа танылуына себепкер болған. 1833 атақты орыс ақыны А. С. Пушкин келіп Қозы Көрпеш – Баян Сұлу дастанын жазып алған. Орал өңіріне келіп зерттеулер жүргізген Ресей ғалымдары А. Левшин, П. Рычков, шетел ғалымдары – П. Палмас, Ч. Георги, Д. Эльтон мен Д. Касталь.

Орал қаласына әр жылдары келіп кеткен атақты жазушылар мен ақындар арасында Г. Державинді, В. Жуковскийді, Т. Шевченконы, А. Плещеевті, Л. Толстойды, В. Короленконы атап кетейік.

Татар классигі Ғ. Тоқайдың шығармашылық өнері Оралдан басталған еді. Атақты мысал жазғыш И. Крыловтың балалық шағы осы қалада өтті. XX ғасырда да мұнда мәдениет пен өнер дамып, биік дәрежеге жетіп отыр.

Бүгінде қалада орыс және қазақ драма театрлары, филармония, 4 мұражай, 6 кинотеатр, 11 мәдениет сарайы мен клубы жұмыс істейді. 24 кітапхананың кітап қоры 1 миллион томнан асады.

Спорт біздің – серігіміз

БУСТЕКОВ МАДИЯР ГАРИФУЛЛИЕВИЧ

*БҚО, Орал қаласы, Жоғары инженерлік –технологиялық колледжінің
Дене тәрбиесі пәнінің оқытушысы*

*Денсаулық – басты байлық өмірдегі,
Нәр беретін асыл зой көңілдегі.
Салауатты өмір салтын насихаттап,
Атанайық жақсы азамат өңірдегі.*

Спорттың адам өмірінде алатын орны ерекше. Спортпен айналысқан адамның денсаулығы мықты, шыдамды, шымыр болады. Біздің ата-бабаларымыз «тәні саудың – жаны сау» немесе «бірінші байлық-денсаулық», - деп бекер айтпаған. Бірақ, осы нақыл сөздің салмағын, жүктер жауапкершілігін сезінбейтін де, мойындамайтын да сыңайлымыз.

Салауатты өмір сүрудің, тазалықты сақтаудың белгілі ережелерін білмейтін де жан кемде-кем. Бірақ оған көпшілігіміз күнделікті өмірде аса мән бермейміз. Неге? Оның басты себебі, өз бойымызда қалыптасып қалған жалқаулық жеңетін күш-жігердің әлсіздігі. Бұл әлсіздікке мойынбас үшін күнде таңертеңгілік уақытта 20-30 минуттай ертерек тұрып шама келгенше жүгіріп, секіріп әртүрлі қимыл-қозғалыс жаттығуларын жасап соңынан салқын сумен шайынып денені шынықтыруға болады. Бірақ көпшілігіміз бұл мәселеге көңіл бөлмей жалқаулықтың құрсауынан босай алмай, жасымызға жетпей қартайып, әртүрлі созылмалы ауруларға шалдығамыз. Денсаулығымыз мықты болу үшін спортпен дос болуымыз керек. Спортпен айналысу денсаулықты жақсартады.

Спорттың ең қарапайым түрі – жүгіру. Күн сайын таңертен үйдің маңайында, саябақта, алаңда жарты сағаттай жүгіру қажет.

Салауатты өмір салтын қалыптастыру, әсіресе, біз сияқты жас ұрпақтың бойына тазалық пен сергектікті орнықтыру абзал. Салауатты өмір салтын қалыптастыру ұзақ үрдіс, бірақ бұл нағыз денсаулықты сақтайтын және нығайтатын жолдардың бірі.

«Салауатты өмір сүру дегеніміз – тазалық сақтап, дене тәрбиесі және спортпен шұғылдану». Осыған дәлел қазақтың спорттық ойындары.

Ата-бабаларымыз балаларға асық ойнатып, атқа мінгізіп, теңге іліп, бәйгеге шауып, күреске қатыстырған, балалар шымыр да шыныққан, епті де икемді болып өскен.

Қазіргі таңдағы қоғамдағы жат қылықтар біздер жастарға кері әсерін тигізуде. Жастар арасындағы темекі, ішімдікке еліктеушілік, тіпті нашакұмарлық та дендеп бара жатқандай. Қазіргі ғаламдық жаңару кезінде компьютерге тәуелділік мәселесі де қосылып отыр. Демек, қазақ халқы «тәрбие басы – тал бесік»,- деп бекер айтпаса керек. Жат қылықтарға қарсы тұрып спортпен айналысқан жөн.

Спорт – қоғамдағы жалпы мәдениеттің бір бөлігі, адамның дене қабілеттерін дамыту мен денсаулығын нығайтуға бағытталған әлеуметтік қызметтің бір саласы. Қазіргі жастардың жан-жақты дамуын спортсыз елестету мүмкін емес. Денесі жақсы дамыған деп күн режиміне спортпен жүйелі айналысуды енгізген, ағзаның шынығуы үшін табиғи факторларды тұрақты пайдаланатын, жұмысты белсенді демалыс пен ауыстырып отыратын жас адамды айтамыз. Бір сөзбен айтқанда, спорт – барлық тәрбие атаулының бір саласы. Оның түп қазығы – қозғалыс, ал қозғалыссыз тіршілік жоқ.

Спорт сөзінің мағынасы кең. Дене тәрбиесі соның құрамдас бөлігі, дәлірек айтқанда бастапқы баспалдағы. Онымен тұрақты шұғылданған адамның денсаулығы мықты, зор болмақ. Барлық құрбыларымды, достарымды спортты өмірлерінің серігі болсын деуге шақырамын. Бірінші байлық – денсаулық, ал сол денсаулықтың кепілі – спорт.


№ I00058 10.02.2023 ж

АЗГАЛИЕВА АМАНКУЛ КУТТЫБАЕВНА
БҚО, Орал қаласы, Жоғары инженерлік-технологиялық
колледжінің қазақ тілі және әдебиеті пәнінің оқытушысы

Сабақ жоспары


Пәні: Қазақ тілі (ЖБ) Сабақ тақырыбы:	Жоғары инженерлік-технологиялық колледж Тіл -құндылық		
	Оқытушының аты-жөні: Азгалиева Аманкул Куттыбаевна		
	Қатысқандар:	Қатыспағандар:	
Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары	10.2.5.1 мәтіндегі негізгі ойды анықтау, көтерілген мәселеге баға беріп, мәліметтер мен пікірлерді өңдей білу; 10.4.1.1 мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазу		
Сабақ мақсаттары:	<ul style="list-style-type: none"> - мәтіндегі негізгі ойды анықтайды; - көтерілген мәселеге баға береді; - мәліметтер мен пікірлерін өңдей алады. - орфографиялық нормаға сай жазу. 		

Жоспары


Сабақтың кезеңі Уақыты	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурс тар
Сабақтың басы 5 минут	Амандасу, жағымды психологиял	❖ Ұ. «Жүректен жүрекке» әдісі арқылы оқушылар бір –біріне жылы	Мақсатын түсіндіргендерге қолдау, мадақтау	

	ық ахуал тудыру	сөздері мен лебіздерін білдіреді.	сөздер!	
Сабақтың ортасы 7 минут	Алдымен, оқушылар өткен тақырыппен жаңа сабақты байланыстыру мақсатында ой қозғау сұрақтарына жауап берейік. «Миға шабуыл» әдісі арқылы <i>Оқушылар сұрақтарға жауап беріп, өзара ұжымдық талқылайды</i>	Сұрақтарға жауап бер. 1.Тіл құндылық па? 2.Тіл құндылықтың қай түріне жатады?Неліктен?	ҚБ. Өз ойын дұрыс мағынада білдіріп, талқылауға белсенді қатысқан <i>Жарайсың! Бәрекелді!</i> деген мадақ сөздермен ынталандыру.	
Сабақтың ортасы 10 минут	Саралау әдісі: <u>«Диалог және қолдау көрсету» тәсілі</u> Дұрыс мағынада жауап беруге бағыттау мақсатында кейбір	1-тапсырма Ұлттық сана-сезім ұлт пен адам ретінде, осы қауымдастықтың мүшесі ретінде сипатталатын маңызды фактор болып табылады. Жеке тұлға өзін ұлттың ажырамас бөлшегі ретінде сезіне отырып, өз халқының тарихын, ұлттық құндылықтарды (жазу, ұлттық тіл, рухани мәдениет пен тағы басқа	ҚБ. «Бір сөзбен» әдісі.	Мәтін Жұмыс дәптерлері

<p>5 минут</p>	<p>оқушыларға ашық сұрақтар, ал кейбір көмек қажет ететін оқушыларға жетелеуші сұрақтар қойылады.</p> <p>Мәтінді оқып, тілдің жалпыадамзаттық, ұлттық және жекетұлғалық құндылық ретіндегі қызметі мен маңызын болжап, сызбаны толтырып, өз ойын айтады</p> <p>Белсенді оқу: <u>«Екі жақты күнделік»</u> тәсілі</p>	<p>жетістіктері), ұлттық менталитет, халықтың әлемдік мәдениет қазынасына қосқан үлесін бағалап, оның дамуына ықпал етеді. Ұлттық сана-сезімнің дамуы индивидтің өз ырымдарын, дәстүрлерін, яғни этникалық тамырын білуімен байланысқан, сонымен бірге осы үдерісте адамгершілік жалпыадамзаттық құндылықтарды тану маңызды.</p> <p>Ұлттық құндылықтар – олардың тарихи өзіндік ерекшелігі Отан, тіл, тарих, өнер, әдебиет және тағы басқалар сияқты көрініс тапқан қандай да бір этностық қауымдастық өкілдерінің рухани идеалдарының жиынтығы.</p> <p>Әр ұлттың дүниетанымы, ойлау түрі, темпераменті, ұлттық санасы және т. б. белгілі бір жолмен үйлеседі.</p> <p>Жалпыадамзаттық құндылықтар ұлттық құндылықтарға да тән орнықтылық және тұрақтылықпен сипатталады. Ұлтқа және жеке тұлғаға қатысты</p>		<p>Мәтін</p>
----------------	--	--	--	--------------

8минут		<p>менталитет бастапқыда әдеттегі-эмоционалды түрге ие болды деп айтуға болады, тек экономикалық, әлеуметтік, мәдени дамуға негізделген құндылықтардың пайда болуымен ғана ол көп қырлы дүниетанымдық сипатқа ие болады. Ұлттық менталитет адамның рухани және материалдық құндылықтарын тарихи іріктеу нәтижесінде қоршаған әлемге қарым-қатынас жүйесінде көрініс табады.</p> <p>Жалпыадамзаттық құндылықтардың бір бөлігі ретінде ұлттық құндылықтар - құлық пен құндылықтар түрінде оң тәжірибені сақтаушы ұлттың өзін дамыту шарасы болып, индивид пен этнос өмірінің дербес факторы болып табылады. Қоғамдық қатынастардың нақты жұмыс істеуі оның деңгейіне байланысты. Ұлттық және әмбебап жалпыадамзаттық құндылықтар ұлт субъектісінің қоршаған шындыққа деген</p>	<p>ҚБ. «Комментарий» әдісі.</p> <p>ҚБ. «2 жұлдыз, 1 тілек»</p>	<p>Слайд Жұмыс дәптері</p> <p>Слайд</p> 
5минут	Мәтіндегі карамен жазылған			

<p>5 минут</p>	<p>сөздерді орфографиялық нормаға сай жазыңыз Саралау: Ресурс бойынша саралау Орфографиялық сөздік 2013 жыл. Айтылу және жазылу ережелерінің жиынтығы.</p> <p>«Дербес пікір жазу» тәсілі Шетел ғалымдардың қазақ тілі туралы пікірлерін оқиды, онда қазақ тілінің</p>	<p>шығармашылық қатынасын көрсетеді. Адам өзін-өзі тануға, өзін-өзі жетілдіруге, белгілі бір этнос өкілі ретінде өзін-өзі дамытуға қабілетті жарқын даралық ретінде жасайды.</p> <p>«Екі жақты күнделік»</p> <table border="1" data-bbox="582 638 1133 772"> <tr> <td><i>Адамзаттық</i></td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td><i>Ұлттық</i></td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td><i>Тұлғалық</i></td> <td></td> <td></td> </tr> </table> <p>Дескриптор: Жалпы -3 балл.</p> <p>- Негізгі ойды анықтайды - Өз ойымен бөліседі.</p> <p>2-тапсырма. Мемлекеттік тіл дәрежесі қазақ әдебиі тілінің бүгүнгү қоғамға қызмет ету өрүсүн геңейте түсті. Бұл гүнде қазақ тілі ең алдымен оқуу ағарту, тәрбиіе ғұралы, одан соң сан салада дамып, жоғары деңгейге көтерілген ұлттүқ көркөм әдебиіеттің тілі.</p> <p>Дескриптор: Жалпы -3 балл</p>	<i>Адамзаттық</i>			<i>Ұлттық</i>			<i>Тұлғалық</i>			<p>ҚБ. «Комментарий» әдісі.</p> <p>ҚБ. «Жетістік баспалдағы» » <i>Сонымен қатар 1-10 баллдық жүйе бойынша</i></p>	<p>слайд</p>
<i>Адамзаттық</i>													
<i>Ұлттық</i>													
<i>Тұлғалық</i>													

	<p>қандай құндылықтық мәні туралы айтылып тұрғанын дәлелдейді</p> <p>Саралау: <u>«Диалог және қолдау көрсету» тәсілі</u> Дұрыс мағынада жауап беруге бағыттау мақсатында кейбір оқушыларға ашық сұрақтар, ал кейбір көмек қажет ететін оқушыларға жетелеуші</p>	<p><i>- Берілген сөйлемдерді орфографиялық нормаға сай жазады</i></p> <p>3-тапсырма:</p>  <p>Ой мынандай құрылымнан тұруы керек:</p> <ol style="list-style-type: none">1. Өзіндік пікір – 1 сөйлем.2. Дәлел – 2 сөйлем.3. Өз пікірін дәлелдейтін мысал – 2 сөйлем.4. Қорытынды <p>Дескриптор: Жалпы -3 балл – сұрақтарға нақты жауап береді; – ойын жүйелі жеткізеді; – нақты дәйектемелер келтіреді.</p> <p>4-тапсырма:</p>		
--	--	---	--	--

	<p>сұрақтар қойылады.</p> <p>«Аяқталмаған сөйлем» әдісі арқылы оқушылардың сабақта алған мәліметтері туралы пікірін тыңдау. Сабақты қорытындылау мақсатында оқушылардың сабаққа деген көзқарасын, рефлексиясын тыңдау.</p>	<p>Шетел ғалымдарының қазақ тілі туралы айтқан пікірлеріне қандай баға бересіз?</p> <p>Дескриптор: Жалпы - 4 балл</p> <p>-өз ойымен бөліседі; -пікірлеріне баға береді.</p> <p>- Мен бүгін білдім.... - Мен бүгін сезіндім.. - Мен келесі сабақта білгім келеді... .</p> <p>Үй тапсырмасы: «Тіл – ұлттық құндылық» тақырыбына шағын 100-150 шағын эссе жазып келу</p>		
--	--	---	--	--



УТЕШЕВ АХМЕТ МАКСУТОВИЧ
БҚО, Казталов ауданы
«К.Мендалиев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ
Тарих пәнінің мұғалімі, сарапшы-педагог






Пән: Қазақстан тарихы Сынып: 8 Мектеп: БҚО, КАЗТАЛОВ АУДАНЫ"К.МЕНДАЛИЕВ АТЫНДАҒЫ ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕБІ" КММ Мұғалім: Утешев Ахмет Максutowич ІІІ тоқсан Пән: Қазақстан тарихы	Қолданылған видео, жазба, таныстырылым слайдтары
Сабақтың тақырыбы: 1920-1930 жылдардағы саяси репрессиялар	1 слайд
Бүгін сабақта: <ul style="list-style-type: none">• ХХ ғасырдың 20-30 жылдардағы әміршіл-әкімшіл жүйе саясатының зардаптарын туралы анықтайсыз;• Қазақстанда тоталитарлық жүйенің орнығуы туралы білесіз.	2 слайд
Оқушылар! <ul style="list-style-type: none">• ХХ ғасырдың 20-30 жылдардағы әміршіл-әкімшіл жүйе саясатының зардаптарын туралы анықтайсыз;• Қазақстанда тоталитарлық жүйенің орнығуы туралы білесіз.	
Қазақстандағы тоталитарлық жүйенің орнығуы. 1920 жылдары КСРО-да социалистік құрылыс мәселелері жөнінде терең идеялық –саяси күрес өріс алды.	3 слайд

<p>Қазақстанда автономияның жариялануы сөз жүзінде қалып, республика өзін-өзі іс жүзінде толық басқаруға қол жеткізе алмады. 1922 жылы Қазақстан партия ұйымдарындағы қазақтардың жалпы саны бар –жоғы 6,3 %-ға ғана жетті.</p>	
<p>Республиканың партия ұйымы толық қалыптасып, өлкедегі шешуші күшке айналды. Алайда партия қатарына жалған белсенділер көбірек еніп, бюрократизм, жеке-басқа табынушылық, жалған ақпарат берушілік, жағымпаздық дәстүр мен партия өктемдігі орнықты.</p>	4 слайд
<p>«Ұлы бетбұрыс» Халықтың есінде жаппай саяси қуғын-сүргінде ешбір жазықсыз миллиондаған адамдардың өмірін әкеткен сталинизмнің «ұлы бетбұрыс»кезеңі мәңгі бақи есімізде қалды. Кеңес елінде социалистік қатынастар қалыптасып, сталиндік авторитарлық-тотаритарлық жүйе толық орнықты. И.В.Сталин</p>	5 слайд
<p>Тоталитарлық жүйе. Тоталитарлық жүйе- қоғам өмірінің барлық саласы мемлекеттің бақылауында болып, адам бостандықтары мен конституциялық құқықтары жойылған билік жүйесі.</p>	6 слайд
<p>Тоталитарлық жүйенің міндеттері: -Тек бір партия билік жүргізді - Басқару қатаң түрде бір орталықтан жүргізіледі -Бір идеология ғана жарияланады -Еркін пікір айтуға тиым салынады -ұлтты жойып жіберу саясаты</p>	7 слайд
<p>Диктаторлық жеке билік Тоталитарлық тәртіп Көрініс беру түрлері: Экономиканың шикізаттық бағытта қалыптасуы</p>	8 слайд

<p>Ассимиляциялық саясат. Шынайы егемендіктің болмауы Концлагерьлер құру. Жаппай қуғын-сүргін жүргізу. 3,5 млн адамның азап шегуі</p>	
<p>Саяси қуғын –сүргін: Қазақстанда 1928 жылдың ортасынан Алаш қозғалысына қатысқан қайреткерлерді тұтқындалудан басталды. Оларға «буржуазиялық – ұлтшыл» деген айып тағылды. Олар әртүрлі мерзімге түрмеге қамалды, ату жазасына кесілді, еріксіз жер аударылды. Ұлт қайреткерлеріненегізінен КСРО–ны құлату үшін жасырын контрреволюциялық ұйымдар құрды деген заңсыз жала жабылды. Сонымен қатар молдалар мен діндарларды «басқаша, бөтен ойлайтындар» деп айыптады.</p>	9 слайд
<p>1928 жыл «Саяси қуғын– сүргін кеңестік әміршілдік жүйенің саяси және таптық қарсыластарын «тап жаулары», «ұлтшылдар», «жат пікірдегілер» және «әлеуметтік қауіпті элементтер» ретінде саяси қудалау саясаты... осы кезеңде тұтқындалған 44 алашордашылардың үшеуі Жүсіпбек Аймауытов, Әбдірахман Байділдин, Дінше Әділов ату жазасына кесіліп, үкім орындалды. Ал қалғандары әртүрлі мерзімге түрмеге қамалды. Олардың кейбіреулері (Міржақып Дулатов т.б) лагерьлерде қаза тапты, қалғандары (Ахмет Байтұрсынұлы, Мағжан Жұмабаев т.б) жазасын өтегенімен, «Алашорданың» қызметіне араласқаны үшін қайта айыпталып атылды.</p>	10 слайд
<p>Жүсіпбек Аймауытов, Әбдірахман Байділдин, Дінше Әділов, Міржақып Дулатов, Ахмет Байтұрсынұлы, Мағжан Жұмабаев өміріне қысқаша мәлімет бере кетсек. https://www.youtube.com/watch?v=6Gs3_FEqQNk&feature=youtu.be&ab_channel=TheDos007</p>	11 слайд

<p>00,01-2 минут аралығы</p> <p>Ахмет Байтұрсынұлы 1873–1937жж Торғай облысы, Торғай уезінің Сарытүбек деген жерде дүниеге келген. Ауыл мектебінде оқып, сауатын ашады.</p> <p>Ахмет Байтұрсынұлының мына бір сөзі ұлтымызға ұран болуы әбден лайық: «Біз кейін қалған халық алға басып, жұрт қатарына кіруіміз керек. Басқадан кем болмас үшін біз білімді, бай һәм күшті болуымыз керек. Білімді болуға оқу керек, бай болуға кәсіп керек, күшті болуға бірлік керек. Осы керектердің жолында жұмыс істеу керек».</p> <p>Мағжан Жұмабаев 1893–1938жж Солтүстік Қазақстан облысы қазіргі Мағжан Жұмабаев ауданы, Сасықкөл жағасында дүниеге келген. Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің жарқын жұлдызы.</p> <p>Міржақып Дулатов 1885–1935жж Торғай облысы, Торғай уезіндегі Қызылбел мекенінде дүниеге келген. Торғайдағы екі сыныптық мектепте оқыған. Патша отаршылдығына ашық қарсы шығып, жер мәселесін көтереді. Қазақ даласында жаппай мешіттер мен медреселер ашуды, жастарға ислам, рухында тәрбие беруді жақтады.</p> <p>Жүсіпбек Аймауытов 1895–1930 жж Павлодар облысының, Баянауыл ауданына қарасты бұрынғы «Қызыл ту» ауылында дүниеге келген. Аса көрнекті қазақ жазушысы, драматург, аудармашы, әдебиеттанушы және педагог.</p>	
<p>1930 жыл</p> <p>Ұлт зиялылары өкілдерінің құрамында Мұхамеджан Тынышбаев, Халел Досмұхамедов, Жаһанша Досмұхамедов, Жақып Ақбаев бар бір тобы (40–тай адам) 1930 жылдың қыркүйек–қазан айларында тұтқындалды.</p> <p>Көп ұзамай олардың 15–і (Мұхамеджан Тынышбаев, Халел Досмұхамедов, Жаһанша Досмұхамедов,) Ресейдің орталық қара топырақты облысына жер</p>	12 слайд

аударылды. Олардың барлығы дерлік 1930 жылдары қуғын-сүргінге ұшырады.		
1 тапсырма Есімдермен жұмыс:		
1928 жылы кімдер ату жазасына кесілді		
Лагерьлерде кімдер қаза тапты		
Кімдер қайта айыпталып ату жазасына кесілді		13 слайд
Жауабы:		14 слайд
1928 жылы кімдер ату жазасына кесілді	Дінше Әділов Жүсіпбек Аймауытов Әбдірахман Байділдин	
Лагерьлерде кімдер қаза тапты	Міржақып Дулатов	
Кімдер қайта айыпталып ату жазасына кесілді	Ахмет Байтұрсынұлы Мағжан Жұмабаев	
2 тапсырма Тұлға тану		
		15 слайд
		

			
			
			
Жауабы:			16 слайд
Мұхамеджан Тынышбаев			
Әбдірахман Байділдин			

Дінше Әділов				
Халел Досмұхамедов				
Жаһанша Досмұхамедов				
Қорытынды: <ul style="list-style-type: none">• ХХ ғасырдың 20-30 жылдардағы әміршіл-әкімшіл жүйе саясатының зардаптарын туралы анықтадыңыз• Қазақстанда тоталитарлық жүйенің орнығуы туралы білдіңіз				17 слайд

МАЗМҰНЫ

- АЙМУРЗИНА ГУЛНАРА АЛИЯКБАРОВНА
- ЕРБУЛАТОВА АЙГЕРИМ ТАБЫЛДИЕВНА
- БУСТЕКОВ МАДИЯР ГАРИФУЛЛИЕВИЧ
- АЗГАЛИЕВА АМАНКУЛ КУТТЫБАЕВНА
- УТЕШЕВ АХМЕТ МАКСУТОВИЧ